• САБАҚТАСТЫҚ

Белсенділік жас талғамайды

Елімізде қарттардың сапалы өмір сүруіне көңіл бөлініп, биыл «Халықаралық қарттар күні» айшықты аталып өтті. Осы мереке қарсаңында Қарағанды қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» арнаулы әлеуметтік қызметтер орталығы жанындағы музыка маманы Сәуле Хажай ұстаздың жетекшілік ететін «Сәулем-ай» ансамблі мереке күндері Ерден Халилин басқарып отырған Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжіне «Ұрпақтар сабақтастығы» аясында оқушылармен кездесу кешіне барып, зор құрметке бөленді.



«Ғылыми тұрғыдан алғанда, ұзақ жасау және кәрілік кезеңдері тек адамның жасымен өлшенбейді. Ұзақ жасау – көп жыл өмір сүру ғана емес, ол – ауруға берілмеген, ақыл-ой дүниесі кең, түсінігі терең қалыпта өтетін өмір жылдары. Бұрындары адам өмірінің орташа ұзақтығы 30 жастан аспаған, тек АҚШ-та 49 жас болған. Қазақстанда 1897 жылы бұл көрсеткіш 32 жылға теңелген. Бұрын елуден асқан адам қартқа санала беретін. Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңін жазғанда небәрі 41 жаста болған.

Ал, қазіргі әлеуметтік-экономикалық және медицина ғылымының дамуына байланысты дамыған елдерде адам өмірінің орташа ұзақтығы ерлерде – 80, әйелдерде 85 жасқа жетті.

Американдықтардың ортасында бүгінде: «Жүз жасап, жас күйімде көз жұмғым келеді» деген қоғамдық қозғалыс бар. Ұзақ ғұмыр – теңдессіз құнды ресурс және адамның егде жасында өзін қалай көрсете алуымен сипатталады. Сапалы ұзақ ғұмыр еліміздің дамуы үшін де өзекті басымдылық қатарында». (Егемен Қазақстан, 10.11.2016 ж., Төрегелді Шармановтың сұхбатынан).

Бұл орталыққа таяуда ғана директор болып тағайындалған Саян Жарылғапов жас маман болса да, өзінің ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп үлгерді. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы түрлі білікті мамандарды тартып, зейнеткерлерге отызға жуық қызмет түрлерін ұсынып, салауатты өмір сыйлауда. Таяуда жинақталған кітап қорынан тұратын кітап бұрышы мен тоғызқұмалақ келушілердің қызығушылығын арттырды. Бұл орталықтың Қарағанды қаласында тағы төрт филиалы бар. Сол филиалдардың да жұмысы жақсы жолға қойылды.

Колледж директорының орынбасары Алдаберген Төлеуов бастап, «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты кешін ұйымдастыруға еңбек еткен Кенже Таңатқызы, Динара Қайратқызы, Гүлмира Балкенқызы, Елена Вячеславовна сынды тәрбиешілер ансамбль мүшелерін сән-салтанатымен қарсы алды.

Кеш шымылдығын 8 «ә» сынып оқушысы Арыс Әкежан ашып, жүргізіп отырды. Оқушылардың әрқашан қарияларды сыйлап, өнеге тұтып жүретіні туралы айтып өтті. Арыс спортқа бейімділігімен қоса, өлең жазады екен. Абай күндері атап өтілген байқауда өзі шығарып, II жүлделі орынды иеленген өлеңін оқып берді.

Сәуле Хажай өзі бастап әкелген ансамбль құрамындағы ұстаздар, медицина саласының қызметкері, мемлекеттік қызмет саласында және басқа да мамандық иелері болған ата-әжелермен оқушыларды таныстырды. Ансамбль мүшесі Амантай Оспанов батасын берді. Ансамбль «Туған жер», Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен попурри орындады. Өз кезегінде оқушылар да өз өнерлерін ортаға салды. Спорттың дзюдо түрімен айналысып, биікті бағындырмақшы жеткіншек Хамза Нұрлыбек «Ана» өлеңін оқыды. Кеш түйінін бүлдіршін өнерпаз Айсу Мүслимова халық әні «Бипылдымен» қойды.

Ақ дастарқан басында «Сәулем-ай» ансамблі «Құстар қайтып барады», «Дедім-ай-ау» әндерін шырқады. Әжелер ақ тілегін жаудырып, Амантай Оспанов ақ батамен түйіндеді.

Кешті толық бейнежазбаға, суретке түсіріп бәйек боп жүрген, осы колледжде 40 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан ардагер ұстаз Сағынтай Аққожинге де ел алғыс айтты.

Осылайша, өнерлі ата-әжелер барша тәрбиеші, ұстаз, жаттықтырушы, оқытушы, оқушы қауымның бір күнін көркейтіп, салауатты өмір салтының арқасында белсенді ұзақ өмір сүруге болатынын паш етіп қайтты.

Рымбала СМАИЛОВА,
аудармашы, еңбек ардагері

• ТУРНИР

Балуандар додасы басталды

Қарағандыда балуандардың додасы басталды. «Жастар» спорт кешенінде қазақ күресінен спорт ардагері Серік Мамашевті еске алуға арналған 2006-2007 жылдарда туған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир өз жалауын көтерді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жарысқа Астана, Алматы қалаларынан, Ақмола, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Ұлытау облыстарынан спортшылар қатысып жатыр. Теміртау, Балқаш, Шахтинск Қарағанды қалалары мен Ақтоғай, Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет аудандарының балуандары да осында. Турнирге бас-аяғы 200-ге жуық спортшы тіркелген.

Ашылу салтанатына қазақ күресінің даңқты саңлақтары мен дамуына үлес қосып жүрген қайраткерлер қатысты. Серік Мамашевтің жұбайы да құрметті қонақтардың қатарында. Әлия Молдағұлова атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Ерден Балтабайұлы сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Осында келген балуандардың барлығы – қазақ спортының ертеңі. Осыларға үміт артамыз. Келешекте ел байрағын әлем төрінде желбіретететіндеріне сенім зор. Қазақ күресі қазақпен бірге жасап келе жатыр. Жаһанға даңқы жеткен Қажымұқан, Балуан Шолақтар, кейінгідегі Жақсылық Үшкемпіров секілді саңлақтардың барлығы осы қазақ күресінен бастаған. Бұл спорт – ұлттық жекпе-жек өнерінің түбірі. Сол себепті де, қазақ күресін дамытуға бір адамдай атсалысуымыз қажет, – деді Ерден мырза.

«Қазақстан барысы» Ержан Шынкеевтің пікірінше, қазақ күресі өз биігіне жыл өткен сайын көтеріліп келеді. Дарынды спортшылардың шоғыры қалыптасты.


– Осындай турнирлердің арқасында спортшылардың деңгейі өседі. «Қазақстан барысы» жобасының өзі әжептәуір ілгерілетті. Қарағандының спортшылары бүгінде сәтті өнер көрсетіп жүр. Мықтылары баршылық. Әсіресе, 12, 15 жастағы балуандар жарқырап келеді. Арқадағы күрес мектебін бәрі мойындайды. Арқа өңірінде білікті жаттықтырушылар да көп. Меніңше, бұл турнир тартысты болады. Жүректі, білекті балуандар осында. Кейбірі ел аумағына танылып та үлгерген. Фаворитер де тізімде, – деді Ержан Шынкеев.

Турнир екі күнге созылады. Жоғары дәрежедегі он төреші төрелік етеді.

• ҚЫЛМЫС

Жасөспірім жеті жылға сотталды

Теміртаулық жасөспірім «Синтетика» жасырғаны үшін жеті жылға бас бостандығынан айырылды. Оңай олжаға кенелемін деген колледж студенті керісінше, жастық шағын қамауда өткізетін болды.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол Теміртау қаласында түрлі орындарға синтетикалық есірткі заттарын жасырып, соларды өткізумен айналысқан. Теміртау қаласының полиция басқармасы есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің қызметкерлері оны «синтетиканы» өткізу барысында ұсталды.

Қыздың өзімен бірге есірткі заттары, сондай-ақ, ұялы телефонында есірткі жасырған жерлерінің суреттері, сатып алушылармен жазысқан жазбалары анықталды. Айтуынша, ол көп ақша табуды көздеген. Бірақ, қазір бұл ісіне өкінетінін айтты.

Сот үкімімен ол Қылмыстық кодекстің 297-бабы, 3-тармағы бойынша орташа қауіпсіздіктегі қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтейді.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Алмас қылыш қын түбінде жатпайды

Аядай ғана ауылдан шығып, жаһанды мойындатты. Қарқаралы ауданындағы Аппаз ауылында театр үйірмесі бар. Міне, сол балалардан құралған ұжым халықаралық «ALASH STAR» байқауына қатысып, бас жүлде мен бірінші орынды иеленді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас актерлер халықаралық байқауда екі спектакльмен бақ сынады. Біріншісі – Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі», екіншісі – «Арман әлемі» деп аталған бұрынғы сіз бен біз білетін бауырсақ туралы ертегінің жаңаша үлгісі. Өрендеріміз спектакльдерді өз биігінде сахналап, қазылар алқасын тәнті етті. Сыншылар қауымы бас жүлде мен бірінші орынды қанжығамызға байлады. Енді дарын иелері Түркиядағы фестивальге барады.

«Жусан иісінде» басты рөлді 11 жасар Бекарыс Қапыш сомдады. Театр үйірмесіне үш жыл бұрын келіпті. Жас актер бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ деп отыр. Мектеп қабырғасында жүріп Алдиярхан Кәрім есімді ұстаздың жетекшілігімен бір жыл бойы дайындалған. Алдиярхан Кәрім де – колледжді тәмамдап келген жас дарын. Еңбек өтілі 5 жылдан да аспаған.

– Біздің үйірме – Қарқаралыдағы өнер мектебінің филиалы. Аппаз ауылының тумасымын. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің түлегімін. Диплом алған соң туған ауылыма қайтып келіп, еңбек жолымды бастап кеттім. Содан бері балаларды өнерге баулып жүрмін. Алдымызда әлі талай белес бар. Бұл жеңісіміз мені және шәкірттерімді қанаттандырды. Өзімізге деген сенімділік арта түсті, – деді театр үйірмесінің жетекшісі Алдиярхан Кәрім.

Енді жерлестеріміз 2024 жылы Түркияда өтетін фестивальге дайындықты бастайды. Әуелі жүлде алған спектакльдерін Аппаздың жұртына сахналамақ. Сонымен қатар, репертуарларын Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты шығармасымен толықтырады.

Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық №2 аудандық соты, Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 56/3 үй, №5 пәтер мекенжайында тұратын Екатерина Александровна Афанасьеваның өтініші бойынша, Ресей Федерациясы, Камчатка облысы, Камчатка ауданы, Быстрая ауылында 27.10.1956 жылы туған Александр Нафанаилович Афанасьевті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Александр Нафанаилович Афанасьев туралы мәліметтерден хабары бар адамдардан бұл туралы осы жарияланым шыққан күннен бастап, үш ай мерзімі аралығында сотқа хабарлауын сұраймыз.

Районным судом №2 Казыбекбийского района города Караганды возбуждено гражданское дело по заявлению Афанасьевой Екатерины Александровны, проживающей по адресу: город Караганда, улица Гоголя, дом 56/3, квартира №5 о признании умершим гражданина Афанасьева Александра Нафанаиловича, 27.10.1956 года рождения, уроженца Российской Федерации, Камчатской области, Камчатского района, с.Быстрая. Лицам, имеющих сведения о месте пребывания гражданина Афанасьева Александра Нафанаиловича просим сообщить об этом суду в трехмесячный срок со дня публикации.

№562

Құрметті Қарағанды қаласының тұрғындары мен қонақтары!!!

Сіздерді 2023 жылғы 14 қазанда сағат 9:00-де өтетін ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕГЕ шақырамыз.

Жәрмеңке өтетін орыны:
«Global City» ҚОО
(134-ші есептік тоқсан, 921-бап)

Жәрмеңкеде сатылатын өнімдер (ауылшаруашылық өнімдері, етсүт және жергілікті тауар және облыстың тауар өндірушілерінің өнімдері) орташа нарықтық бағадан төмен бағамен сатылатын болады.

Жүретін қоғамдық көліктер: 5, 31, 40, 56, 146, 02, 29.

Құрметпен, **Қарағанды қаласы әкімінің аппараты**.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Д

Қарқаралы ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және ардагерлер кеңесі Қарқаралы ауданы мәслихатының төрағасы Саят Қайратұлы Оспановқа аяулы анасы, еңбек ардагері
Зағиша Рамазанқызы БЕЛАСАРОВАНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№561

ХАБАРЛАНДЫРУ
(қоғамдық тыңдаулар)

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2023 жылғы 16 қарашада сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара ауылының мәдениет үйі, Пискунов көш., 46а мекенжайында «Қажықонған» кен орнының жерүсті объектілерін салу» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы мен қоғамдық тыңдаулар өтетін аумақ: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара а.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты. БИН 060641009902. Өкілі: А.Б. Сулейменова, байланыстар: тел. 8 (777) 672 32 36. эл. мекенжайы Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоспарланған қызмет бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС. БИН 050140000656. Өкілі: А.А. Усманова, тел. 8(7212) 95-71-35. эл. мекенжайы Aida.Usmanova@kazakhmys.kz

Жоба материалдары келесі сайтта орналастырылды: ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сілтемесі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты, сонымен қатар жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл. мекенжайы және тел. 8 (777) 672 32 36 нөмірі бойынша сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлікті ұсынумен жүргізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Онлайн қосылуға сілтеме:

https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-en/j.php?MTID=md8c46a6c3a8d91675d1010a26cfea127

Конференция сәйкестендіргіші: 2514 429 0448.

Қолжеткізу коды: 123456wW.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
(общественные слушания)

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что 16 ноября 2023 года в 15:00 часов по адресу Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, дом культуры с. Шешенкара, ул. Пискунова, 46а состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Строительство поверхностных объектов месторождения Хаджиконган».

Территория воздействия и территория на которых будут проведены общественные слушания: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с. Шешенкара.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сулейменова А.Б., тел. 8 (777) 672 32 36. Эл. адрес Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс». БИН 050140000656. Представитель: Усманова А.А., тел.8(7212) 95-71-35. Эл. адрес Aida.Usmanova@kazakhmys.kz

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecoportal.kz в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру тел. 8(777) 672 32 36.

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение:

https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-en/j.php?MTID=md8c46a6c3a8d91675d1010a26cfea127

Идентификатор конференции: 2514 429 0448

Код доступа: 123456wW.

Д



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru